

Л 2006

6517 к

ДУАНЫШ СУЛТАНОВ

СЕРПІНДІ  
КЕЗЕҢ











Қуаныш СҰЛТАНОВ

# СЕРПІНДІ КЕЗЕҢ

“Елорда”  
Астана — 2005

ББК 66.3 (5 Қаз)

С 89

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Сұлтанов Қ.**

**С 89** Серпінді кезең.

— Астана: Елорда, 2005. — 608 бет + 3 бет жапсырылған.

ISBN 9965-06-218-8

Мемлекет қайраткері, белгілі саясаткер, қарымды журналист, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қуаныш Сұлтанов — кезінде тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш үкіметінің мүшесі, Премьер-Министрдің орынбасары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасары, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі, егеменді еліміздің Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметтерін атқарған.

Автордың бұл кітабына заман, қоғам туралы, егеменді еліміздің өркендеу жолдары жайында, ел өміріндегі кезеңдік оқиғалар тұсында сөйлеген сөздері, жасаған баяндамалары, сұхбаттары мен публицистикалық ой-толғамдары, сондай-ақ халқымыздың біртуар тұлғалы перзенттері хақындағы эсселері мен портреттік мақалалары топтастырылған.

С  $\frac{0803010200 — 336}{450(05) — 05}$

ББК 66.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-218-8

© Сұлтанов Қ., 2005

© “Елорда”, 2005



## АЛҒЫ СӨЗ

Екі ғасырдың тоғысы, үшінші мыңжылдықтың алғашқы ғасыры — біздің ұлтымыз, еліміз, мемлекетіміз үшін қайта өркендеу, қайта түлеу дәуірі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары біздің мемлекеттігімізге күмән келтірген күштер де, топтар да, жекелеген тұлғалардың да болғанын көзімізбен көріп, құлағымызбен естідік. Абырой болғанда, ондай сәуегейлердің болжауы сағымға айналып, қысқа мерзімде Қазақстан өркениетті елдермен терезесі тең толыққанды мемлекет дәрежесіне көтеріле алды. Иін тіресіп, арпалысқан ымырасыз бәсекелестік жағдайында Қазақ елін әлем таныды. Дүниежүзілік қоғамдастық қазақтың үніне, сөзіне құлақ асып, санасатын болды. Әрине, мұндай нәтиже өз-өзінен, жайдан-жай, тек “біз мемлекетпіз” деп жар салғаннан келе қалмағаны айдан анық болса керек.

Осынау күрделі кезең бізге деген сынақтарын да аяған жоқ. Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1997 жылғы халыққа Жолдауында Қазақстан дамуын тау Барысының болмысына теңеп еді. Елбасының осы бағдарламасы өміршең болғаны елдің ұжданын көтерері хақ. Біз тәуелсіз мемлекет болғалы өткен он үш жыл еліміз үшін серпінді жылдар, серпінді кезең болды десем артық айтқандық болмас еді. Өйткені біз бұрынғы одақ құлағаннан кейін саяси экономикалық жүйелердің күйреуінің нәтижесінде кең ауқымды экономикалық дағдарыс, күйзеліске ұшырадық. Тұрмыстың ең төменгі деңгейіне де құлдырадық.

Осындай тығырықтан шығу жолында Президент Н. Назарбаев ең бірінші жауапкершілікті өз мойнына алып, ел ішінде экономикалық және саяси ре-

формалардың жүзеге асырылуына жетекшілік етті. Осы бағытта барлық мемлекеттік құзырларды, әсіресе билік тармақтарын — заң шығарушы, атқарушы, сот биліктерінің жұмысын үйлестіріп, олардың күшін мемлекетіміздің бірлігіне, игіліктілігіне, нығаюына, әлеуметтік жағдайының жақсаруына жұмылдыра білді. Біз дүние жүзінде басқа мемлекеттермен салыстырғанда не бары он жылдың көлемінде жүз жылға татырлық қыруар іс атқара алдық. Іздендік. Қателестік. Таптық. Ұтылдық. Ұттық. Ақыры ел болып тығырықтан шығар жол таптық. Ғасырлар бойы армандап, ұмтылған ұлттық, құқықтық теңдік, саяси, рухани құндылықтарға осы жылдары қол жеткіздік. Алғашқы жылдар, алғашқы Үкімет, Парламент, жеңілістер, жеңістер — жасампаздық жетістіктер тарих үлесіне кетіп үлгерді. Біздің замандастарымыз осынау құбылыстардың тек куәгері ғана емес, өздері соның бел ортасында жүрген қатынасушылары да.

Тағдыр, мезгіл менің де үлесіме мемлекетіміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап оның қаз тұрып, қалыптасуына, сәтсіз, сәтті жолдарының бірде шаңын қауып, бірде салтанатына шаттанып шама-шарқыма жарай қатынасу бақытын жазыпты. Шүкіршілік.

Осы жинаққа өз пайымдауымша сол жолда әр түрлі мәртебелі мінберлерден сөйленген сөздердің, баяндамалардың ең маңыздысы, қазақ мемлекеті мен мәдениетіне қатынасы бар дегендері, айтулы оқиғалар тұсында жасалған саясатнамалық сараптама, деректі мақалалар, сұхбаттар, еліміздің ұлттық тұлғаларының өмірі мен еңбектеріне арналған эссе, суреттеме, кейбір жолжазба үзінділері іріктеліп, енгізілді. Өтпелі, ауыспалы уақыттың ерекшеліктеріне, қайшылықтарына сәйкес айтылған пікір, көзқарастардың біршамасы мерзімді баспасөзде жарияланған. Ұлы өзгеріс, үрдіс тұсындағы құбылыстардың қатпары мол шежіресіне — бір ғана тамшы.


**Автор.**



*I*

**ЖАҢА ДӘУІР –  
ЖАҢА ҚОҒАМ**

*баяндамалар,  
сөздер,  
мақалалар,  
сұхбаттар*



# АБАЙ — АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТҮЛҒА

ЮНЕСКО Бас конференциясының 27 сессиясы қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік шараларды осы бір адамгершілік ізгі ниетті халықаралық ұйым шеңберінде атап өту жөнінде шешім қабылдады.

Бүгін біз Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының төрағасы Қуаныш СҰЛТАНОВТЫҢ ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сөйлеген сөзін жариялап отырмыз.

*Құрметті төраға мырза!*

*Құрметті ханымдар мен мырзалар!*

Бүгін ЮНЕСКО Бас конференциясының Бірінші комиссиясы күн тәртібіндегі ең бір игілікті мәселелерді — мәдениет және оны сақтап қалу проблемаларын талқылап отыр. Бұл проблемалардың қатарында халықтардың аса көрнекті өкілдерінің, тарихи оқиғалардың ұмытылмастай есте қаларлық және мерекелік күндерін атап өту де бар.

Мен мәдениет жөніндегі жобалар мен ұмытылмастай есте қаларлық күндерді, 1994-1995 жылдары мерекелеу жөніндегі жобаның талқыланып отырғанын барынша құптаймын.

Комиссияның күн тәртібіне енгізілген айтулы күндер халықтардың осы заманғы мәдениеті мен әлемдік өркениет үшін ерекше маңызды болады деп батыл мәлімдей аламын. ЮНЕСКО-ның ол күндерді атап өтуге қатысуы адамзаттың аса көрнекті

перзенттерінің есімдерін олардың өздерінің ұлттық шеңберлерінен тыс жерлерге танытады, халықтардың мәдени және рухани мүдделерін бұрынғыдан да берік ұштастырады.

Ханымдар мен мырзалар, міне, сондықтан да мен Сіздердің жемісті жұмыс істеулеріңізге шын жүректен ізгі тілек білдіремін. Сіздер түрлі Үкіметтер мен Мемлекеттердің мерекелі де мерейлі күндер жөніндегі ұсыныстарына қолдау білдіру арқылы халықтардың рухани жағынан қайта өрлеуіне қолғабыс етесіздер, ұлан-асыр әлемдік мәдениетке демеу бола аласыздар.

Қысқаша хабарлама жасар алдында мен Сіздерге Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шын жүректен шыққан алғысқа толы сөлемін жеткізуді өзімнің абыройлы борышым деп білемін. Ол кісі 1995 жылы тойланатын мерекелі күндердің тізіміне, қазақтың ұлы ақыны, ойшыл философы, адамгершілік туын жоғары көтерген ізгі ниетті перзенті — Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуын мерекелеуді де енгізу жөнінде, өзінің Бас конференциясында мәселе қарауды мүмкін деп тапқаны үшін ЮНЕСКО-ға терең алғыс сезімін білдіреді. ЮНЕСКО-ның бұл әрекеті бізді тәуелсіздік жолына жаңа түскен жас мемлекеттерге деген ізгі қамқорлықтың және бір көрінісіне куә етіп отыр.

Бір кезде ұлы Гете айтқандай: “Ақынды жете танып білу үшін оның туып-өскен Отанын аралап көру керек”. Осы бір өсиетті басшылыққа ала отырып, менің сіздерге Абай Құнанбаев туралы қысқаша болса да деректер бере кеткім келіп тұр.

Қазақ халқы үшін Абай бейнесі — рухани кеменгердің, еркін ойшылдың, білім мен бостандық жолындағы қажымас күрескердің бейнесі. Абайдың өмір сүрген және шығармаларын жазған кезі патшалы Ресей Қазақстанның кең-байтақ аумағын отарлады аяқтауға кіріскен кезбен түспа-түс келді. XIX ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде Ресей самодержавиесі қазақтың ұшы-қиыры жоқ кең да-

ласындағы ұлттық басқару жүйесін жойды, оларды жекелеген округтерге бөліп жіберді де, тікелей патша әкімшілігіне бағынышты етіп қойды. Сөйтіп, орыс шаруаларын қазақтың ең құнарлы және табиғаты қолайлы аймақтарына жаппай көшіру басталды. Осы бір зорлық-зомбылықпен жүргізілген әрекеттер қазақ халқының өз ішінде жүріп жатқан қоғамдық саяси процестерге мейлінше қарама-қарсы ықпалын тигізді. Абайдың осындай қарама-қайшылығы мол оқиғалардың қалың ортасында өсіп-жетілуіне тура келді.

Арабша-парсыша сауатын бала кезінен бастап ерте ашқан Абай, ежелден келе жатқан осы тілдердің әдеби негізін тез әрі ойдағыдай меңгерді. Жас Абай сонымен қатар орыс тілін де оқып үйренді, ол арқылы Сократ, Платон, Аристотельдерден бастап Спиноза мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдар философиялық трактаттарының мән-мағынасын терең түсінді. Ол Дарвиннің іліміне де ден қойды. Жылдар жылжып өткен сайын Абайдың философиялық көзқарасы қалыптасып, неғұрлым айқындала түсті.

Абайтану ілімінің негізін қалаушы, көптомдық “Абай жолы” атты тамаша тарихи романның авторы, заманымыздың заңғар жазушысы, шығармаларын француз тіліне, есімі есімізден шықпайтын Луи Арагон аударған Мұхтар Әуезов, Абайдың сирек кездесетін тамаша талантының үш түрлі нәрлі арнасын атап көрсеткен болатын.

Оның біріншісі — өзінің туған халқының сарқылмас фольклорлық байлығы бар ауыз әдебиетіндегі поэтикалық мол қазынасы.

Екінші нәрлі арна — шығыс поэзиясының алтын қазынасынан бастау алады. Абай, Фирдоуси, Саади, Хафиз, Науайи, Физули сияқты мәңгі жасайтын классиктердің бай тәжірибесін өзіндік шығармашылық тәсілмен меңгерді.

Үшінші нәрлі арна — орыс әдебиеті және ол арқылы бүкіл Батыс Еуропа әдебиеті болды. Ақынның батыс елдері классиктерінің мол мұрасына ден қою фактісінің өзі орасан зор тарихи рөл атқарды.

Абай шығармашылығы дегеніміз — қазақтың халық поэзиясының шығыстың классикалық әдебиетінің, орыс және Батыс Еуропа мәдениетінің ғажайып жиынтығы. Абайдың ұлттық ақын ретіндегі талантының өзіндік болмысы мынадан айқын көрінеді: әлгі нәрлі арналардың ешқайсысы да оның жеке өзінің бойындағы дарын ерекшелігін танытуына тосқауыл бола алмады. Абай шығармашылығына жасанды түрде сырттан енгізілген ешқандай ерекшелік белгісі жоқ. Ол суреткер ретінде дара тұлға және ойшыл ретінде өзінше бөлек.

Абай сегіз қырлы, бір сырлы.

Ол ең алдымен ақын. Оның поэтикалық мұрасы дегеніміз көркем туындының сарқылмас мол бастауы. Оның поэзиясы сөз бостандығына, ой еркіндігіне, жалпы адамзаттық мәдениет қазыналарына құлшына жол салудың үлгісі. Абай өз халқының рухани мәдениетін шексіз байытты. Ол қазақ халқының одан әрі дамуы үшін аса қажет болған қозғаушы күшке айналды. Абай шығармашылығының жаңашылдығы да, міне, осында. Ол жаңа тұрпатты мәдениеттің бастаушысы болды. Мұның өзі оның қалдырған мұрасының әрқашан құндылығын көрсетеді. Абай поэзиясының түпнұсқасы өзінің мейлінше ұлттық ерекшелігімен дараланады. Сонымен қатар ұлттық тар шеңберден шыға алмай қалуға төзбейтіндігімен, мейлінше нәзік эстетикалық сезімінен, барынша бай және өзіндік ою-өрнегі мол кестелі тілімен, адам жанының ең бір нәзік сезімдерін ғажайып шеберлікпен дәл бере білуімен таң қалдырады.

Абайдың жекелеген шығармалары әр жылдары ағылшын, неміс, қытай, араб, чех, моңғол тілдеріне, басқа да тілдерге, соның ішінде бұрынғы КСРО халықтарының көптеген тілдеріне аударыла тұрса да, зор өкінішке орай, Абай творчествосы шеберлігі мол маман аудармашылардың жеткіліксіздігінен, сондай-ақ халықтар арасындағы өзара мәдени алмасулардың болмай келгендігінен дүние жүзі оқырмандарының



игілігіне айнала алмады. ЮНЕСКО-ның бүгінгі таңда Абай Құнанбаевты жете тануы бұл тосқауылды алып тастауға, сөйтіп, дүние жүзінің көптеген халықтарының Абай творчествосына жаңаша ден қоятынына көмектеседі деп кәміл сенемін.

Абай әдеби аудармашы ретінде де алдына жан салған жоқ, ол ұлттық мәдениеттердің бір-біріне өзара ықпал етуіне және бірін-бірі байытуына алғаш рет жол салды. Пушкин мен Лермонтовтың, олар арқылы Байронның, Гетенің, Шиллердің және Мицкевичтің туындыларынан жасаған аудармалары біздің ұлттық көркемсөзіміздің алтын қорына мәңгілік енді.

Абайдың суреткер ретіндегі сан қырлы дарыны арасында оның сазгерлік таланты да ерекше орын алады. Мұның өзі оның поэтикалық дарынына әбден лайық. Ол өзінен кейінгі ұрпаққа ондаған ғажайып ән, романс қалдырды. Қазір олар шын мәніндегі халықтық қазынаға айналып, әрбір отбасында шырқалады.

*Құрметті ханымдар мен мырзалар!*

*Құрметті Төраға мырза!*

Біздің жас мемлекетіміздің қазіргі өмірінде Абайдың қаншалықты зор маңыз алатынын асыра бағалау мүмкін емес. Абай әлемі біз үшін рухани мәдениеттің мол қазынасы ғана емес, ол ең алдымен өміріміздің кең тынысты тарихи келбеті, рухани дара белгісі, осы заманғы көрінісі.

Абай мұрасы — сарқылмайтын мол қазына: Абайсыз қазақтардың философиялық та, тарихи да, этикалық ақыл-ой дүниесін көзге елестету мүмкін емес. Ағылшындар үшін Шекспир, француздар үшін Бальзак, орыстар үшін Пушкин қандай болса, біз үшін Абай да тап сондай, ол ұлттық рухымыздың өзіндік жиынтығы, орасан зор мақтаныш етер тұлға болып табылады. Мұндай талант иелерінің туындылары дүние жүзі жұртшылығының ортақ игілігіне айналуы тиіс. Міне, сондықтан да Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның 1995 жылға арналған ұмытылмастай айтулы даталар күнтізбесіне Абай Құнанбаевтың ту-



ғанына 150 жыл толуын енгізу жөнінде ұсыныс жасап отыр.

Біздің бұл ұсынысымыз Бас директор Федерико Майор мырзаның тарапынан, ЮНЕСКО Атқару Комитетінің 141-сессиясы тарапынан 1993 жылғы 7 мамырда қолдау тапты. Бұл ұсынысты қолдайтынын Германия Федерациялық Республикасының, Ресейдің, Өзбекстанның, Беларусьтің, Италияның, Түркияның, Украинаның, Болгарияның, Арменияның, Қытайдың делегациялары да білдірді.

*Құрметті ханымдар мен мырзалар!*

Қазақстан — ЮНЕСКО-ның жас мүшелерінің бірі. ЮНЕСКО мүшелерінің біздің ұсынысымызды қолдауы біздің халқымызды рухани жаңа деңгейге сөзсіз көтереді және мұның өзі халқымыздың көпғасырлық тарихындағы алғашқы қуанышты жағдай. Өйткені, жүздеген жылдар бойы отарлық езгінің астында қорлық көріп келген халықтың адамгершілік туын биік ұстаған аса көрнекті өкілі адамгершілік ізгі ниетті халықаралық ұйым тарапынан танылып отыр. Абай Құнанбаев дүниежүзілік қауымдастықтың танылуына әбден лайық.

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі атынан мен, жаңа тұрпатты мәдениеттің негізін қалаушы, сол арқылы өз мұрасын мәңгілік қымбат қазынаға айналдырған Абайдың алдағы мерекесі жоғары дәрежеде лайықты өткізілетін болады деп сіздерді кәміл сендіре аламын. Бұл мерекеге ЮНЕСКО-ның қатысуы мемлекеттер арасында мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға қызмет етеді, әлем жұртшылығына дүниежүзілік өркениеттің осы уақытқа дейін белгісіз болып келген жаңа беттерін ашатын болады.

Ынта қойып тыңдағандарыңызға рақмет!

**Париж. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері.**

*“Егемен Қазақстан”, қараша, 1993 жыл*

## МАҒЖАН ДӘУІРІ

1938 жылы жазықсыз “халық жауы” деген жаламен атылып кеткен ақын Мағжан Жұмабаевтың ақталғаннан кейін 1993 жылы откізілген 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиналыста Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары, юбилейлік комиссияның төрағасы  
Қуаныш СҮЛТАНОВТЫҢ жасаған баяндамасы

*Құрметті ханымдар мер мырзалар!  
Құрметті зиялы қауым!*

Осыдан жүз жыл бұрын бір кішкентай ауылдың ел қатарлы қара шаңырағын қуантып, дүниеге келген, қан тамырының ұрысы, жүрегінің дүрсілі бөлек, бір нәзік жанның қиянат пен зұлымдықтың құрбандығына шалынып, мынау жарық дүниедегі шындық пен әділдіктің назарына дауысын жеткізе алмай, арманда кеткеніне де 55 жыл болыпты. Жазықсыздан өмірі қиылып, аты, сөзі ел санасынан, тарих беттерінен озбырлықпен өшірілген рухани сәуле, алдына түн асырып, келесі таңда жарқырай жаңа туған Таңшолпан тәрізді бар сұлулығын, мейірімін таңмен бірге осынау жаңа ғасыр өріне бет алған жаңа ұрпаққа төгіп тұрғандай. Мүмкін келешектің өткен жүз жылға қарағанда бостандығы, адамның адамға деген адалдығы молырақ, тазарақ болар. ХІХ ғасырдың соңында өмірге нәресте болып келген Мағжан ақын, ХХ ғасырдың соңында халқының рухани күдіреті болып қайта оралып, ХХІ ғасырдың есігін жаңа ұрпақпен бірге ашайын деп отыр.

Кезінде халқы оның дүниеден көшкенін де білмей қалды. Мағжанның денесін жер ана құшағына ел-жұрты ақ арулап тапсыра да алмады. Арнайы асы да берілмеді.

Енді сол парымызды да өтеудің мүмкіндігі келді. Халқымен қайта қауышқан, жазықсыз азап шегіп, жаза кешкен Азамат, ақын Мағжан Жұмабаевтың рухына тағзым етіп, аруағына бас иіп, орнымыздан тұрып, бір сәт үнсіздікпен еске алуларыңызды өтінемін.

Біз басымыздан кешкен саяси системаның мықтылығы соншама, елімізге шүйліккен “мәдени” отарлау мен бүкіл халқымызға жүргізілген жаппай геноцидті де көздері көре отырып, бұқара халық мұның бәрінің не екенін түсіне алмай, түсінуге талпынбастан да алақайлап, “күн көсемге” табына берген. Міне, осы жан төзгісіз құбылыс — ойы озық, көкірегі ашық зиялыларды қалай тыныш қалдырсын? Жаныштап, таптап келе жатқан алапатқа қарсы тұрар құрал, күші болмаса да адамзат дәуірінде қолданылып келе жатқан білімін, ойын, әділдік сұраған сөзін салу — зиялылардың, елім деп өр кеудесін оққа төсер, қоғамынан, ортасынан ілгері, жоғары тұрған сирек дарындардың, сұңғыла ойшылдардың, көрегендердің, ел серкелерінің үлесі. Шіркін, осындайда, бүгінгі тойғанына мәз болмай, ұлт арманының көксеген ертеңін түсіне алатын, пендешіліктің шырмауынан әрегірек түйсіне алатын, жарықағыш қитұрқылық пен ащы да болса шынайылықтың арасын ажырата алар көпшілік, солардың ішінде адалдықтың куәлігіндей қадау-қадау азаматтар болса ғой... Керісінше, екі ғасырдың қиылысында өмірге келген, қазақ халқы мен жерінің тәуелсіздігінің, шынайы бостандығының бар күрделілігін елден бұрын түсініп, соған жетуге шарқ ұрып, жол іздеп көкжиектен көрінген топ-топ жұлдыздар осы рухани күрестерінің тауқыметін де барынша тартты. Өйткені, олар империялық саясат пен мемлекеттік биліктің тереңде жатқан зәлімдігін алдымен сезді. Сол бұғалыққа бастарын сұққысы келмеді. Ал өзімшіл әміршілдік бұған қалай көнсін? Ол системаның өкілдері ертеңін де ойлаған. Белгілі бір адамды, немесе ұлттың көрнекті өкілдерін өз ини-

циативаларымен тұтқындамаған, архивтерді ақтарып отырсаңыз — міндетті түрде ол адамның төңірегінде жүргендерден көрсетушілер, шағым айтушылар, немесе Кеңес үкіметіне, партияның саясатына зиян төніп келе жатыр деп байбалам салған қиқушыл әдебиет, ғылым, мәдениет өкілдерінен қоғамның, мемлекеттің “сенімді патриоттары” болған.

Бір ғана мысалға жүгіне кетсек. Баспасөзге өйгілі, 1925 жылы Сталин үлкен “қамқорлықпен” сол кезде оңтүстік облыстар үшін шығатын қазақ тіліндегі “Ақ жол” газетінің бағытындағы ұлтшылдық індетінен сақтандырып, арнайы хат жазған. Міне, осыдан кейін ұлтшылдықпен жаппай күрес басталып, науқаннан науқанға оның жетістігі “өсіп” отырған. Ал ол хаттың өзімізден жазылып, Мәскеудің назарына іліктіргені де белгілі. Сол 20 жылдарда басталған осындай күрес бір толастамай 70 жыл бойына жүргізілгенінің шын бет пердесі енді ашылып, тарихтың үлесіне тиіп отыр. Бірнеше ұрпақ шындық дегеннің не екенінен мақұрым қала берді.

Үлкен екі тарихи таным кезеңдеріне тыйым салынды. Бірі — 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының тарихы үзілді-кесілді жоққа шығарылды. Екіншісі — жаңа замандағы халықтың басына келген екіжүзді саясаттың шынайы табиғатын сезген, көрген, соған іштей, сырттай наразы болған көзі ашық азаматтарды, олардың еңбектерін жойып жіберді. Мұның өзі рухани ойсырауға, мешеулікке, рухани ергежейлілікке әкеліп соқты. Мағжан бұл күйге өзінің көзқарасын:

“Қыран құстың қос қанаты қырқылды,  
Күндей күшті күркіреген ел тынды.  
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,  
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!” —

деп көрсеткен. Ең ауыры — адамдар сатқындыққа, тыңшылыққа, арандатқыш, өсек сөз тасушылыққа,

жалған жала жабушылыққа мықтап бейімделіп, ет үйретіп алды. Адамдардың қарым-қатынасында күдік үдеді, көңіліне ұнамаған адамның жүріс-тұрысынан, мінез-кұлқынан, тіпті оның төңірегіндегілерден де кінә табу, сол арқылы жоғарғы, ресми орындарға шағым айту, мезгіл-мезгіл хабарлама жасап тұру кейбіреулердің кәсібіне айналып кетті. Осындай әлеуметтік індеттің ең жинақталған әрі дамыған түрін, үлкенді-кішілі талай-талай кісімсініп жүргендерден осы өзіміз куәсі болған 1986-1989 жылдары да көрдік. Қоғам бойында бұл аурудың сарқыншағы әлі бар.

Тұлпар шабысты, озық ойлы, өміріміздің сәні болған азаматтарымызды жою науқаны жылдардан жылдарға жалғасып, өзімізбен өзімізді сілкілестіріп қоюға әбден жарады.

Осыдан жиырма жылдай бұрынғы бір оқиғаны еске түсіргім келіп отыр. Бір күні “Лениншіл жаста” (қазіргі “Жас Алаш”) Мұқағали Мақатаевтың бір топ өлеңдері жарық көрді. Бәрі де бірінен-бірі өтетіндей жарқылдап тұрған отты жырлар. Солардың ішінде әдеби жұртшылық назарын “Автограф” деген өлең ерекше аударды.

“Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,  
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.  
Махаңдар жоқ!  
Махаңдардың сарқыты —  
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!” —

деп түйінделетін еді ол өлең... Газет шыққан күні-ақ, комсомолдың Орталық Комитетіне телефондаушылар табыла кетті. Өкінішке орай, олардың дені ақын, жазушылар. Айтатындары: “Неге газеттеріңізге саяси қате өлең басасыздар?” дегенге саяды. Телефондағы бір әңгіменің ұзын-ырғасы шамамен мынандай болды.

... “Қандай саяси қате?”

“Органдарыңыз ұлтшыл ақынды атап жатса — саяси қате емей немене?!”

“Қай ақынды айтасыз? Білмей тұрмыз”.

“Мұқағали Мағжанды айтып тұр ғой! Мағжан Жұмабаевты!”...

... Неткен қырағылық десеңізші!

Мұндай жағдай сәл кейінірек “Білім және еңбек” (қазіргі “Зерде”) журналында белгілі публицист Бейбіт Қойшыбаев редактор болып тұрған кездегі басылымдарға да байланысты қайталанып, жаңылмасам Бейбіт біраз түсініктемелер жазды-ау деймін. Басылымдардағы ондай дүниені байқағыштар кәсіпқой қалам иелері болса, ал шағым айтылатын мәртебелі жерде өздігінен көркем әдебиет оқымайтын мәдениет, әдебиетке өз түсінігі, дайындығы жоқ идеологияның хатшысы отырса — ондайда сорладым дей бер.

1986 жылдың желтоқсан оқиғаларынан кейін Колбиннің басшылығымен ұлтшылдықпен, рушылдықпен, жершілдікпен күрестің жаңа кезеңі басталды. Оған кейбір салиқалы сардарлардан бастап, бұрын көріне алмай жүргендердің көбі-ақ ат салысып бақты. Колбин апта сайын жазушылармен кездесіп, арқажарқа болды. Оның “данышпандығына”, “қамқоршылдығына”, арқадан қаққыш қарапайымдылығына тамсанып, тәнті болдық. Мұндай “жарықтық ақ көңіл” адамнан немізді аяйық. Әркім өзінің ренішті қиссасын ағыл-тегіл ақтарып берді. Сол тұста, марқұм ақын аға Жұбан Молдағалиев сынды кесек азаматтар жеке бастың түйткілінен гөрі халықтық категориялармен сөйлеп, әңгіменің бетін бұрды. Бағымызға қарай, бұл жолғы науқан ұзаққа созыла алмады. Бұдан кейінгі жерде, әсіресе тіл мәселесіне байланысты ашық әңгімені жазушыларымыз орынды бастап, қоғамдық, мемлекеттік дәрежеге көтерді.

Мағжан Жұмабаевты Тарих пен Уақыт өзі сыннан өткізіп, бағасын ұлылардың қатарынан берді. Мағжанның халық зердесіне, жүрегіне қайта оралып, орын алуы заңды құбылыс. Бүгінгі ұрпақ Мағжанмен кездескен соң бұрынғы алған білімінің қаншалықты артта қалғанына көз жеткізуде. Ахмет Байтұрсыновты, Жүсіпбек Аймауытовты, Мағжан Жұмабаевты, Міржақып Дулатовты, Шәкәрім Құдайбердиевті білмей, қазақ мәдениетін білем деудің үлкен әбестік екенін де сезініп, түсінді.



Ендігі жерде бұл ұлылардың бірінсіз рухани өмірдің тұл, сананың құлазып бос қалатыны анық. Мағжан шығармаларының тағылымы елімізге, мемлекетімізге, болашағымызға азық. Мағжан сөздерін әр адам өзінше толғанып, тебіреніп қабылдайтынындай, әр тарихи кезең, әр ұрпақ өзінше қабылдайтыны хақ. Қазақ халқының қайта өрлеу — ренессанс дәуірі — Мағжан дәуірі болары дау шақырмаса керек.

Мағжанның ұлылығын, асқақ рухын, нәзік сезімшілдігін, шебер суреткерлігін ең алдымен өзінің қатар жүрген замандастары, алдындағы ағалары, тағы да сол ұлылар тобының ұлы өкілдері айтты. “Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жақсылығы аз емес: орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазақша аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты” — деп жазыпты Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы (“Жұлдыз”. 1981. № 1). Мағжан дүниеге келген кезең қазақ даласында патша отаршылдығының кеңінен қанатын жайып, алып сахараның төсінде аты шулы Столыпин реформасының екпіндеп тұрған шағы болатын. Жап-жас ақынның алғашқы жырларының өзінде:

“Бар жерді күннен күнге алып жатыр.

Біреулер алып қала салып жатыр.

Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,

Жерінен аузын ашып қалып жатыр”, —

дейтіні сондықтан. Бұл жөнінде тағы да Жүсіпбек Аймауытов “Мағжанның ақындығы туралы” атты тамаша эссесінде: “Патшаның отаршылдық, озбырлық саясаты кімнің болса да арқасына аяздай батты. Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып әпере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға ауылнай, школ, миссионерлер тартты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон,

мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау (штат) деген шырға тастап, өзін-өзі жұлқыстырды, қырқыстырды. Полиция, стражник, урядник, казак-орыстың қамшысы қазақ даласын жайлады. Қазақтың бұрынғы елдегі берекесі кетті, партияға кіруге, азуға, тозуға айналды: ұлыққа жағынып, шен алуға, кектескен жауын мұқатуға ел билеген жуандардың аяған құрлы болған жоқ. Өтірік, өсек, шағым, ұрлық-зорлық, айдату, байлату қабындады. Патшаның оң көзі боламын деген соғылғандар тыңшылыққа жазылып, елдікті, жұрттықты шен-шекпенге сатты. Қазақтың басына туған осындай қара күндерді көзі қарақты азамат көрмеске, сезбеске, қайғырмасқа болмады, көрді, қынжылды, жанға батқан соң ашынды, ұлт сезімі ояна бастады”, — деп жазған еді. Олай болса Мағжанның салған беттен ұлттық бағыты айқын ақын болып қалыптасуының негізгі себебі әлеуметтік ортасының, заманның жағдайы, ал оның ұлтшылдық сарында деп бағаланған өлеңдері шынтуайтына келгенде ұлтжандылықтан туған ұлыдержавалық шовинизмге заңды қарсылықтың табиғи көрінісі еді дегеніміз дұрыс. Отаншылдық сезім — Мағжан Жұмабаев жырларының алтын арқауы.

Ақын шығармашылығындағы символизм нышаншылдық сарыны жөнінде айтқанда алыстағы ауылдан шыққан жап-жас жігіттің сол кездің өзінде әлемдік поэзияның үздік үлгілері деңгейінде аса мәдениетті жыр толғағанына таңданбай қалу қиынақ. Мағжанның жиырмасыншы жылдардағы өлеңдерінен сол дәуірде орыс поэзиясының да сәні болған сан түрлі ағым, тәсіл түрлердің бәрін дерлік таба аламыз. Мұхтар Әуезов Абай жырына тәңірідей табынатынын айта келіп: “Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп-сезген-